

Р. Н. ШОЙБЕКОВ

ҚОЛӨНЕР ЛЕКСИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Ұлттық мәдениеттің қалыптасуына ерекше ықпал еткен факторлардың бірі — географиялық орта, басқаша айтқанда, табиғат немесе қоршаған орта. Зерттеушілер табиғат пен адамның байланысынан этностың өмір салты мен ұлттық ерекшелігі де қалыптасатынын анықтайды. Қоршаған ортаның адамға, одан ұлтқа қалай әсер ететінін олардың түр-келбеті, бет пішінінің құрылысы, шашының түсі, көзінің ерекшеліктерінен, сонымен бірге олардың тұратын үйінен, киімінен, еңбек құралдарынан, тамағынан т.б. көруге болатындығы көптеген зерттеулерден мәлім. Мұндай ерекшеліктер сол ұлттың рухани мәдениетінің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді.

Өртүрлі табиғат аймақтарында тұратын адамдар өзі тұрған жердің табиғатына икемделіп, сол аймаққа лайықты шаруашылықпен, кәсіппен айналысады да, осы негізгі кәсіп — шаруашылық түрі олардың мекен-жайына, киім үлгісіне, тамағына т.б. әсер етеді. Адамдардың табиғатқа икемделуі материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне әсер етеді. Осының нәтижесінде әр ұлттың өзіне лайық мәдениеті, әлеуметтік қатынастар, еңбектің түрлері, оған байланысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер т.б. қалыптасады. Мәселен, қазақ халқы көшпелі өмір салтын ХХ ғасырға дейін басынан өткізді. Өйткені қазақтар үшін тіршілік көзі өзі ғұмыр кешкен кең даламен тамырлас болды. Қазақ даласының табиғи-географиялық бітімі ерте кезден-ақ үш түрлі шаруашылық-мәдени аймақтың саралануына ықпал еткен. Олар мыналар: 1) Батыс және Орталық Қазақстанның қуаң даласы; 2) Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Шығыс аймағы; 3) Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Шу, Талас, Келес, Арыс өзендерінің құнарлы алқаптары.

Осындай географиялық ортаға байланысты қазақтардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы және сулы жерлерде егін шаруашылығы болды. Бұл туралы мәдениеттанушы А.Сейдімбек "...технократтық өмір салт бел алғанға дейін бұл далада игілік атаулыны тек қана малдың тұяғымен жасауға болатын еді. Қысы қатты, жазы ыстық байтақ дала, суы тұщы, шөбі шүйгін иен дала тек малдың тісіне ере білсең ғана құт мекен бол-

ған. Күн көрістің басқа жолын тандау тылсым табиғатқа адамдардың кіріптар қалпында қалумен пара-пар болды. Көне заманның өзінде-ақ бұл далада отырықшы елді мекендер болған, егін егіп, металл өндіру де таңсық емес еді, алайда металл өндіру, егіс егу күнкөрістің негізгі тірегі болмағандықтан, мұндай әрекеттің аужайы тірлік емес, тырбаныс сияқты болатын. Көкжиекке сұғына жол шегіп, оң-солын тани бастаған ұрпақ көшпелі ғұмырға біржола ден қойды. Сөйтіп, Ұлы Дала көшпелілердің тіршілік тірегі ғана емес, рухани әлеміне де айналды", — деп жазады [1, 78].

Географиялық ортаның, ауа райының этнос мәдениетінің қалыптасуына тигізген әсерін көшіп-қонуға ыңғайлы жылжымалы баспанасы — киіз үйінен, киіз үйдің әр түрлі мақсатта пайдаланатын түрлерінен, оның құрастырмалы бөлшектері мен жасау-жиһаздарынан байқалады. Мысалы, **түндік** — киіз үйдің күндіз ашық тұратын, сондықтан күннің нұры мен таза ауа кіретін, түнде жауып қоятын, жел мен жаңбырды өткізбейтін, киіз үйдің шаңырақты жауып тұратын киіз жабдығы болса, **отау**, **қос**, **абылайша**, **шаңырақсалма** секілді үй түрлері өртүрлі мақсатқа пайдаланылған. **Отау** — отбасын құрған жастардың жасауы жайнап тұрған сәнді үйі, **қос** — жылқышылардың тігетін үйі; **абылайша** — жорықта, сапарда жүргенде пайдаланатын киіз үй т.б. Бұлардың қай-қайсысы да көшпелі тұрмысқа ыңғайланып жасалған.

Біздің заманымызға дейінгі IX—VIII ғасырлардан бастап кең байтақ дала тұрғындары бүкіл сахара төсінің шөбін түгелдей пайдалану үшін бір жерден екінші жерге, одан тағы басқа жерге малды айдап бағуға машықтана бастайды. Қазақ даласындағы көшпелі қауым осылай, яғни мал шаруашылығымен байланысты пайда болған. Малшылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, кейіннен тайпалық негізде біріге түсуге жол ашқан әдет-ғұрыптық мәдени-тұрмыстық, наным-сенімдік қалыптарды орнықтыра түседі. Мұның өзі дәстүрлі мәдениет пен өнерге, ертегілер мен өлең-жырға, нақыл сөздерге, аңыз-өңгімелерге толы қазақ фольклорының жасалуына жағдай туғызған...

Көшпелі халық күнкөріс қамымен ерте заманнан бастап-ақ асау табиғаттың, құбылмалы ауа райының ыңғайына үйлесетін баспана үлгілерін жасап алған. Қазақ жері қандай кең болса, жекелеген аймақтарда баспаналардың құрылымы бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың материал, төбесін жабатын жабыны жағынан әртүрлі болды. Осыдан мыңдаған жылдар бұрын ең байырғы құрылысшылар болған алғашқы қауым адамдарының өзі де қазіргі үйлермен салыстырғанда түрпайы, қарапайым баспанасын жердің ыңғайына, табылған материалдың, яғни ағаш бұтақтарының, қабығының, аңның сүйектерінің, терілердің, шөп-шалаңның ерекшеліктерін ескере отырып, оларды ұқсатып пайдалана білген. Ертедегі аңшылардың, терушілердің, егіншілердің, кейінгі замандардағы көшпелі және жартылай отырықшы, отырықшы қазақтарға тән құрылыс ісі айналадағы ортаның әсерімен қалыптасқан [2, 18 б.].

Тұрғын үйдің қоршаған ортаның әсерімен қалыптасқандығы баспананың тұрақты түрлеріне көшу барысында пайда болған *жеркепеден* бастап бірге-бірге жетілдіріле түскен баспана түрлері — *жертөле, қақыра, өлшек, қоржын үй, тоқалтам, тіркеспе, ауыз үй, отынхана, қойма, оттық үй, жатақ үй, қонақ үй* т.б. осы сияқты құрылыс үлгілері мен қора-қопсы түрлерінен көрінеді. Мәселен, жертөлениң бір түрі деп саналатын *өлшек* деп аталатын баспананы алайық. *Өлшек* — Сыр бойы диқандарының егістіктің басына жаз айларына арнап тұрғызатын уақытша баспанасы. Ол жертөле үлгісімен салынады. Жертөледен айырмасы: ауылдан аулағырақ болғандықтан онда тек жаз айларында тұрған, сондықтан оның іші-сырты сыланбаған. Итарқасы ағаш бұтақтарымен, жыңғылмен, көк жантақпен жабылып, жел ұшырып кетпеу үшін үстіне әр жерден кам кесек, домбаз тасталған.

Қазақ қыста отыратын жертөлени (ол жерден қазылып жасалады да, қабырғаның жартысы жер бетіне шығып тұрады) шымнан, кам кесектен, тақта тастардан соқса, оның жетілген түрі *қақыраны* төрт қабырғалы етіп кіре беріс бөлмесімен қосып қамыстан, ағаш шыбықтарынан, балшықтан тұрғызған. Төбесі, іші-сырты толық сыланып, суықта оттық арқылы жылытылған. Мұның қабырғасы биіктігінен алғанда тұтастай жердің бетінде тұрады. Баспананың бұл түрі кепе мен жертөлеге қарағанда едәуір алға кеткендік болып саналады. Табиғи ортаның этнос мәдениетіне,

өнеріне тигізетін әсерін сипаттауда біз осы айтқандармен ғана шектеліп отырмыз. Географиялық фактордың қазақ көлөнерінің қалыптасуына тигізген әсері мол. Жинақтай айтқанда, табиғаттың көлөнеріне әсері “Көк Тәңіріге” құлшылық еткен сенімдерден бастап, фольклорымызда сақталған мифологиялық танымдардан, салт-дәстүрлерден, ырымдар мен тыйымдар жүйесінен, экологиялық түсініктер мен өмірлік тәжірибесінен т.б. көрінеді.

Ұлттық мәдениеттің қалыптасуында тіл үлкен рөл атқарады. Әлемнің бейнесі әрбір халықтың өзінің тілі негізінде қалыптасады. Мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын жалғастығы, мұрагерлік сипаты болмаса, ол туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мәдени игіліктер, оны жасауда қолданылған тәжірибелер, жұмсалған білім, т.б. келесі ұрпаққа тіл арқылы беріліп, тіл арқылы бойына дарытылып, соның арқасында мәдениет тұрақтылық қасиетімен, этностық ерекшелігімен сипатталады. Мәдениеттің қалыптасуында тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметіне қоса оның кумулятивтік қызметі (тілдің халық тәжірибесін өз бойына жинақтап, сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу қызметі) ерекше көрінеді. “Баланың бесігі — кең дүниенің есігі” деп түсінетін қазақ халқы өз мәдениетін сәбидің бесіктегі кезінде-ақ бесік жыры арқылы құлағына сіңіре бастайды. Қарым-қатынас мәдени болмыстың тірегі болса, мәдени болмыстың қалыптасуына тілдің вербалды және бивербалды компоненттері тиісінше әсер етеді.

Ұлттық мәдениеттің қалыптасуында тілдік фактордың рөлі мәдениеттің негізгі түрлерінің бірі — қазақ көлөнеріне байланысты ауызша сақталып келген мақал-мәтелдерден, фразеологизмдерден, прецедентті мәтіндерден, ертегілер мен өлең-жырларынан, тыйымдары мен ырымдарынан анық көрінеді. Мұны нақтылы мысалдармен дәлелдеуге болады. Мәселен, “*Сақинаны сәндікке салмайды, тазалыққа таразы*” деген мақал бар. Оның мәнісі: халық ұғымында алтын мен күмістің және одан жасалған заттардың адамға игі әсер ететін, денсаулығына әсер ететін, тіл-көзден сақтайтын қасиеті бар.

Тілімізде “*әдемі, сәнді*” деген ұғымды білдіретін *жүзікке қас қондырғандай*, “*көзім өтіп кетпесін*” деген тілекті білдіретін *тіл-көзім тасқа* деген фразеологизмдер сақталған. *Қас* деп зергерлік бұйымдарға көз орнатып, ұя жасап салынатын түсті тастарды айтады. Кейбір аймақта *қас* “гауһар” ұғымында жұмсалады [3, 90].

Көне түркі тілінде *қаш* — нефрит. М.Қашқаридың айтуынша, қасты жүзікке көз етіп қондырса, ол адамға найзағайдан қауіп болмайдымыс [4, 28].

Асыл тасты жүзіктің көз жауын алатын, жарқыратып әдемі көрінетіні белгілі. Аталған фразеологизмнің жүзік көзіндегі тастың адамға әсер ететін қасиетіне байланысты қалыптасқанын байқаймыз. Ал, шын мәнінде, М.Қашқаридың көрсеткеніндей асыл тастардың, асыл тасты әшекейлердің о баста тұмар қызметін атқарғанын бүгінде көпшілік біле бермейді. Тас зергерлік бұйымдардың көзіне орнататын түрлі түсті, әртүрлі көлемдегі тау жынысы, минерал. Ертедегі түсінік бойынша, асыл тастың әрқандай қасиеті болады. Мұндай түсінікті қазақ ертегілерінен кездестіреміз. Мысалы: “Аздан соң жылан інінен қайта шығып, адам тілімен көп-көп рахмет айтты да, балаға бір жасыл тас беріп: — Бұл тастың кереметі сондай — көңіліндегіңе қолыңды жеткізеді, бірақ бос жерге тастаушы болма”, — депті [5, 119].

Ертедегі ұғым бойынша, асыл тастан, тіпті арзанқол тастан көз қойылған зергерлік әшекейлер мен тұрмыстық бұйымдар (*қамшы, ер-тоқым, саптыаяқ, адалбақан* т.б.) оның иесін тіл-көзден, ауру-сырқаудан, түрлі жаманшылықтан сақтайды. Бұйымдарды шеберлердің таспен әшекейлеуінің түпкі сыры осындай түсінікпен байланысты. Өзінің сұқтана қарап қалғанын байқаған адамның “*тіл-көзім тасқа (болсын)*” деп айтуы міндетті болған. Солай айтса, жас балаларға, сұлу қыздарға, жүйрік аттарға, сүтті сиырларға т.б. тіл-көз тимейді. Осы сияқты *тезге салды* деген тұрақты тіркес бүгінде “тәртіпке салды”, “жөнделді” деген мағынада жұмсалады. Бұл — осы тіркестің бүгінгі күнде қолданылып жүрген ауыспалы мағынасы. Осыны қолөнеріне қатысты этнографиялық тұрғыдан қарастырсақ, “тезге салудың” тура, нақтылы мағынасы айқындалады. *Тез* — ағашты түзетіп, белгілі бір қалыпқа, үлгіге түсіруге арналған құрал. Тезге салып, қажетті түрге келтіретін ағашты өуелі қоламтаға (ыстық күл) салып, “балқытып” алады, сонда ол июге жылдам көнеді. Халықтың “Тез қасында қисық ағаш жатпайды” деуі осыдан шыққан [6, 101].

Қазақта “*Бақан аттаған байымайды, балта басқан жарымайды*” деген мақал, *бақаннан аттама* деген тыйым сөз бар. Сонымен бірге ауайы жақсы болса, түндікті бақанмен тіреп қоюға болмайтын ырым да бар. Этностық таным бо-

йынша, мал өззелдері, құрал-саймандар, кейбір тұрмыстық бұйымдар киелі саналады. Кейбір бақсылар ауруды қобыз тартып, балтамен кеудесін ұрып емдеген. Балтабай деген кісі есімінің шығуы ырым етіп, сәбидің кіндігін балтамен кесуге байланысты шыққан. Бақаннан аттауға тыйым салудың өзіндік себебі бар.

Бақан — ғарыштың тұрмыстағы үлгісі — киіз үйдің басты, қасиетті атрибуты. Ол — өлем ағашының символы. Бақан өлем ағашының доминаты орнында көшпелілердің хан сайлау (мемлекеттік салтанат) дәстүрінен бастап, отбасылық, жауынгерлік, мал емдеу ғұрпында да феномендік қызмет атқарған. Бақанның төрт түлікке қатысты атқарған қызметтерінің кейбіреуі мынадай: қара мал туа алмай жатса, бақанды құрсағының астынан өткізіп көтермелейді; ал ұсақ малдың саулығын мұндай жағдайда бақанның астынан өткізеді; пішілген қозы-лақты бақанның үстінен секіртеді; төл нысаналы болып туылса (өдеттегіден тыс, ерекше белгі — *Р.Ш.*), оған бақанның ұшын тигізіп, “кет, бөлекет, кет” деп қуады; күйек кезінде төл шығыны көбейіп бара жатса, толастамаса, бақанның ұшымен қошқардың күйегін ұрып ем-дом жасайды; сатқан малға бақанның басын тигізіп, “мал басы сенде кетсе де, ырымы өзімде қалсын” деп ырым етеді [7, 180].

Діни фактор. Ертедегі адамдардың аспандағы күн мен айдан бастап табиғат құбылыстарын тылсым санап, олардан үрейленіп, жанды-жансыз заттарға жалбарыну, табыну пайда болды. Адам болмысы да, қоғамдағы қарым-қатынас та қайшылықтарға толы. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады. Діннің халықтар өмірінде алатын орны өте зор. Діндердің негізін түсінбей тұрып, белгілі бір халықтың мәдениеті туралы толыққанды көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Діннің анықтауыш қызметі оның әлеуметтілікті қалыптастыруында, яғни адамдардың қарым-қатынасын реттеуде жатса керек. Орыс тіліндегі “религия” деген сөз де этимологиялық бастапқы мағынасында “біріктіру”, “байланыстыру”, “қатынасты қалыптастыру” дегенді аңғартады. Дін — адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастыратын идеологиялық механизм. Кейде дін соқыр сенімге қарсы қойылған ұғым ретінде түсініледі. Кейбір зерттеушілердің тұжырымы бойынша, дін деп кез келген сенім түрін емес, адамды қасиетті, мәңгілік, тапжылмас құндылықтармен байланыстыратын сенім түрі. Сенім —

діннің негізін қалаушы фактор, оның субстанциясы. Сенім “қарым-қатынас”, “байланыс” сияқты ұғымдармен астасып жатады. “Мен құдайға сенемін” деп айту үшін, – дейді кейбір мәдениеттанушылар, – адам өзін сол құдаймен байланыста сезінуі қажет, оған бүкіл жан-тәнімен бет бұруы керек. Сенім белгілі бір мағынада өзін-өзі тәрк етуді, өзін құрбандыққа шалуды білдірері де анық. Құрбандық деп қандай да болмасын тілек үшін белгілі бір күн төлеу қажеттілігін сезінуден туындаған дүниені, іс-әрекетті айтады. Адам әлеуметінің ең көне рәсімі – құрбандық шалу рәсімі [8, 58].

Дін адамның жанынан туындайтын дүние болғандықтан, өзінің мазмұнын көп түрлі нәрседен жинақтайтын болғандықтан өз тарапынан адам өмірінің түрлі салаларын реттеп тәртіпке түсіруші нормативті құрылым болып табылады. Діннің негізінде рәсім тұрады. Рәсім деп жеке адамның әлеуметтік іс-әрекетін қатал қадағалайтын ережелер жиынтығын айтуға болады. Өкімет пен азаматтық қоғам институттары пайда болмай тұрып-ақ рәсім адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеп, қоғамдық тәртіпті сақтауға болысқан.

Дін қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі болғандықтан, оның мән-мағынасын қаншама ғұламалар ашып көрсетуге талпынған. Қысқасы, дінге нақты және бір мағыналы анықтама беру қиын. Оны зерттеушілер де айтады.

Қазіргі қазақ ұлтының ұстанатын діні ислам діні екені белгілі. Исламға дейін қазақтарда Көк Тәңіріге, Күнге, Айға, Отқа табынатын шаман діні үстем болды. Көшпелілер дүниетанымы бойынша табынатын Тәңірі – көк аспан, шексіз әлем, шексіз ғарыш пен аспандағы Күн. Күн – әлемнің ең құдіретті жаратылысы. Тәңірілік дүниетаным түркі тілдес халықтар үшін дін ғана емес, ол ең алдымен өмір салтына айналған. Қазақтардың кеңістік пен уақытты анықтауына, ажыратып бағдарлауына тәңірілік дүниетаным елеулі ықпал еткен. Күнді Тәңірінің көзіне балаған қазақтар киіз үй есігін күнге қаратып тігіп, шығып келе жатқан күнге қарап, ақ шашып төу ететін. Отты көктегі Күннің сынығына балап, келін түскенде отқа май құйып, “От Ана, Май Ана жарылқа!” дейді, баланы бөлерде бесікті отпен аластаған. Кеңістікті анықтау үшін жүзін күнге қаратып, маңдай алдының – шығыс, ту сыртының батыс, оң қол жағы – оңтүстік, сол қол жағы – солтүстік деп айырған. Тәңірілік наным-сенімде табиғатты бағындыру емес, табиғатпен тіл

табысып, үйлесіп өмір сүру, табиғатпен тіл табысу идеясы жатады.

Қазақ мәдениетінде, оның құрамдас бөлігі қолөнерінде осы екі дін де орын алып, оның қалыптасуына әсер еткен факторлардың бірі болғанын қолөнері материалдары негізінде тұжырымдауға болады.

Бұрынғы кездерде қазақта *дүкен майлау* деп аталатын рәсім болды. Жыл сайын дүкен құрып, көктемде іске кірісер алдында ұсталар мен зергерлер мал сойып, ауыл-аймағын, көршілерін шақырып, ас беріп сыйлаған. Дүкен құрған күні құрбандыққа мал сойып, дүкеннің иесі, пірі Дәуіт пайғамбарға бағыштап арнайы дұға оқып, ырым жасайтын болған. Бұл халық арасында жылда қайталанып отыратын дәстүрге, салтқа айналған. Сол күнгі болып жатқан іс-әрекетті “дүкен майлап жатыр”, оған шақырылған адамға “дүкен майлауға шақырып жатыр” деген сияқты сөздер айтылып, бұл діни жоралғы *дүкен майлау* деп аталатын болған. Мұндай рәсім басқа түркі халықтарының тұрмысынан да берік орын алған. Құрбандыққа шалынған малдың қанын дүкен ішіндегі құрал-жабдықтарға, дүкеннің өзіне жаққан. Халық түсінігінде дүкен де, онда жұмыс істейтін ұсталар мен зергерлер де, олардың құрал-саймандары да қасиетті. Сондықтан кейбір халықтарда дүкен тіпті құдайға жалбарынып, құлшылық қылу орны болған. Бұл – ислам дінінің әсері болса, шаман дінінің әсерін *қамшы* сөзіне қысқаша этнолингвистикалық талдау жасау арқылы көрсетуге болады.

Қамшы атауының қазақ тіліндегі мағыналары мынадай:

1) таспадан өрілген, ағаштан (көбінесе тобылғы) яки сүйек сабы бар, кейде сабына жез орап, күміс шеге, шытыралар шабылған, көлік жүргізетін өрі сәндікке ұстайтын құрал;

2) бақсылардың адамды емдеу кезінде қолданатын сылдырмақты, шашақты, сабы да әшекейлі құралы. Қамшының бұл түрін көлік жүргізуге ешқашан пайдаланбайды, тек бақсылар ұстайды.

Қамшы бақсылардың жын-шайтанды қуатын, қас күштерді ауыздықтап, дегеніне көндіретін, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізетін құралы болғандықтан, ол – қасиетті.

Бақсыны кейбір тілдерде *қам* деп атайды. Сондықтан кейбір зерттеушілер қамшы сөзінің шығу төркінін бақсының бір атауы *қам* сөзімен байланыстырады [9, 31-34].

Қамшы алғаш бақсы құралы болды ма, әлде көлік жүргізу құралы болды ма деген мәселені қоя тұрсақ, қамшының осы тұрған бойындағы атауынан да, оның атқаратын қызметтерінен де шаманизмнің көрінісін байқауға болады.

Үйде қамшының ілулі тұруының түрлі символдық мәні болды. Айталық, ертеде қазақтың киіз үйіне кірген адам ол үйдің қанша қызы бар, қайсысының басы бос екенін ілулі тұрған сырғаларға қарап анықтаса [10, 20-21], керегеде ілулі тұрған қамшының санына қарап ол үйдің қанша баласы бар екенін, оның нешеуі ұл, нешеуі қыз екенін, олардың айналысатын кәсібін айтқызыбай болжап білген екен [11, 135].

Қамшы тұрған үйге жын-шайтан жоламайды деген түсінік болған. Кейде қамшы ер қаруы ретінде де саналады. Қамшы қолға ұстайтын қару болғандықтан және оған жылқының тері сіңгендіктен, жын-шайтан жоламайды деп жас келіншектердің тұсына іліп қойған. Қазақтар әсіресе тобылғы сапты, жез ораған сарыала қамшының қасиеті айрықша деп сенген. Ел арасында қамшыны босанатын әйелдің тұсына ілу, толғақ қысқан әйелді қамшымен бір-екі тартып жіберу әдеті орын алған. Бұл айтылғандардан басқа қамшы қолданысында мән-мағына өте көп. Олардың

бәрін тізіп жатпай-ақ, осы келтірілген деректердің өзінен діннің мәдениетті қалыптастыруға тигізген әсерін байқауымызға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Сейдімбек А. Қазақ өлемі. Алматы: Санат, 1997.
2. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы: Рауан, 1995. 112 б.
3. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Мектеп, 1981. 136 б.
4. Қашгарий М. Девону луғотит турк. Тошкент, 1963. 3-т.
5. Қазақ ертегілері. Алматы, 1957. 2-т.
6. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан, 1974. 236 б.
7. Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендерісі және бүгіні. Алматы: Ғылым, 2001. 190 б.
8. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Толықтырылған 2 басылым. Алматы: Қаржы-қаражат, 2003. 408 б.
9. Уәлиев Н. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // Ұлт тағылымы. 2000. №1. 148 б.
10. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993. 190 б.
11. Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: Канд.дисс. Алматы, 2004. 178 б.